

Жыл құсы -2026 қара сайрақ деп танылды.



Қазақстанда құстарды сақтап қалу мәселесіне жұрт назарын аудару мақсатымен жыл сайын «Жыл құсы» таңдалады. Биыл орнитологтар бұл атаққа лайық деп құстың екі түрін ұсынған, бірі қара сайрақ болса, екіншісі — барылдауық үйрек. Қазақстандағы биоалуантүрлілікті сақтау қауымдастығының (АСБК) мүшелерінің 65%-ы біріншісіне дауыс беріп, қара сайрақ 2026 жылды **құсы** деп танылды.

Қоршаған ортаны қорғау – бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Биологиялық әртүрлілікті сақтау, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді қорғау – тұрақты дамудың негізгі шарттары. Осы бағытта Қазақстанда жыл сайын «Жыл құсы» акциясы өткізіліп келеді. 2026 жылы бұл мәртебе экожүйенің маңызды бөлігі саналатын – қара сайраққа берілді.

Қара сайрақ (*Turdus merula*) — торғайтәрізділер отрядына, сайрақтар тұқымдасына жататын кең таралған әнші құс. Ол еліміздің орманды, тоғайлы аймақтарында, саябақтар мен елді мекендер маңында мекендейді. Ерекшелігі – қап-қара қауырсыны, сары түсті тұмсығы және әсем әуені. Аналығы қоңырлау болып келеді. Қара сайрақ әдетте ақпанның аяғы – наурыздың басында ән сала бастайды. Оның меланхолиялы дауысын сыбызғының үніне ұқсатуға болады. Жылына екі -үш рет балапан өрбітеді. Ақпанның аяғында жұптасып, еркектері ұя салатын аумаққа өзара таласа бастайды. Наурыз айында ұясына 4-5 жұмыртқа салып, 13–14 күн бойы шайқайды.

Бұл құс табиғи тепе-теңдікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Қара сайрақ зиянды жәндіктермен, дернәсілдермен, құрттармен және түрлі жидектермен қоректену арқылы орман мен бақ шаруашылығын қорғауға көмектеседі. Ол – табиғаттың өзін-өзі реттеу механизмінің ажырамас бөлігі.

Алайда соңғы жылдары орман алқаптарының қысқаруы, ауа мен топырақтың ластануы, климаттың өзгеруі қара сайрақ популяциясына кері әсерін тигізуде. Кейбір аймақтарда бұл құстың саны азаюда. Сондықтан оның мекен ету ортасын сақтау, ұя салатын жерлерін қорғау және антропогендік қысымды азайту – кезек күттірмейтін міндет.

2026 жылы қара сайрақтың «Жыл құсы» болып жариялануы – қоғам назарын аударуға, биоалуантүрлілікті сақтауға бағытталған маңызды экологиялық бастама. Бұл жоба аясында экологиялық ағарту жұмыстары, мектептер мен жоғары оқу орындарында танымдық шаралар, табиғатты қорғау акциялары ұйымдастырылады. Әрбір азамат ағаш отырғызу, құстарға ұя жасау, қоршаған ортаны таза ұстау арқылы табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады. Қара сайрақ – табиғаттың үнін жеткізуші, экологиялық тепе-теңдіктің символы. Оны қорғау – болашақ ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілігіміз.

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығының ғылыми қызметкері А.Б. Усипова